

"Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 47 бұйрығының кейбір нормаларының қолданысын тоқтату туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 509 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы 47 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10409 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 сәуірде жарияланған) Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің (бұдан әрі - Біліктілік талаптары) реттік нөмірі **6 - ж о л ы н ы ң ;**

Біліктілік талаптарына қосымшаның 1-тармағы б) тармақшасының қолданысы **т о қ т а т ы л с ы н .**

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті **(Ә . А . А с а в б а е в) :**

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне **ж і б е р у д і ;**

2) осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде **р е с м и ж а р и я л а у д ы ;**

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у
м и н и с т р і **Ә . И с е к е ш е в**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК